

**ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МӘДЕНИ МҰРА
ЖӘНЕ МЕНТАЛЬДІ БІЛІМ БЕРУ**

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

8 қараша, 2024жыл

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
А.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЖАҒАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МӘДЕНИ МҰРА ЖӘНЕ МЕНТАЛЬДІ БІЛІМ БЕРУ

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

8 қараша, 2024 жыл

Астана - 2024

ӘОЖ 398
ҚБЖ 83.3
Ж 35

«Жаһандану жағдайындағы мәдени мұра және ментальді білім беру» атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді
гранттық қаржыландыру бойынша
AP19679949 «Мәдени мұраны синергетикалық парадигмалар аясында зерттеу»
жобасы аясында әзірленді

Ж.35 Жаһандану жағдайындағы мәдени мұра және ментальді білім беру: Ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Астана, 2024 – 113б.

Жинаққа AP19679949 «Мәдени мұраны синергетикалық парадигмалар аясында зерттеу» жобасы аясында 2024 жылы 8 қарашада өткен «Жаһандану жағдайындағы мәдени мұра және ментальді білім беру» атты ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енгізілді.

Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың, жас зерттеушілердің мақалалары «жаһандану» категориясының ылыми аспектілеріне, жаһандану жағдайындағы мәдени бірегейлік, жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениет, мәдениеттерді тану, мәдени мұраны сақтаудың маңызы, жаһандану жағдайындағы мәдениеттегі саналуандығының негіздеріне, қазіргі жаһандану кезеңіндегі менталдық білім берудің практикалық маңызына арналады.

ISBN978- 601-7613-82-3



@ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті, 2024
© А.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024

*«Жаһандану жағдайындағы мәдени мұра және ментальді білім беру»
атты ғылыми-практикалық конференцияның кіріспе сөзі*

Қарқынды технологиялық және мәдени өзгерістер қалыпты жағдайға айналып отырған қазіргі әлемде жаһандану өмірдің барлық салаларына, соның ішінде ғылым мен білімге де айтарлықтай әсер етуде. Интеллектуалды ғана емес, эмоционалдық, мәдени және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға бағытталған ақыл-ой тәрбиесі икемді, тұрақты және жауапты жеке тұлғаны қалыптастырудың негізіне айнауды.

Жаһандану жағдайында менталды оқыту оқыту енді тек академиялық біліммен шектелмейді, ол көпмәдениетті қоғамда өзара әрекеттесу және жылдам өзгерістерге бейімделу үшін қажетті дағдыларды дамытуға бағытталуы керек.

«Жаһандану жағдайындағы мәдени мұра және ментальді білім беру» атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы отандық және шетелдің зерттеушілердің, педагогтардың және сарапшылардың ұжымдық күш-жігерінің жемісі.

Жинақтағы мақалалар өзақстандық және шетелдік фольклортанушы ғалымдардың, жас зерттеушілердің мақалалары «жаһандану» категориясының ғылыми аспектілеріне, жаһандану жағдайындағы мәдени бірегейлік, жаһандану дәуіріндегі ұлттық мәдениет, мәдениеттерді тану, мәдени мұраны сақтаудың маңызы, жаһандану жағдайындағы мәдениеттедің саналуандығының негіздеріне, қазіргі жаһандану кезеңіндегі менталдық білім берудің практикалық маңызына және жаһандық қоғамға сәтті интеграциялануға ықпал ететін икемді ойлауды қалыптастыруға көмектесетін тиімді әдістемелерді әзірлеу және енгізу мәселелерін көтереді.

Зерттеулері мен практикалық жетістіктері осы жинақты әзірлеуге үлес қосқан конференцияның барша қатысушыларына шын жүректен алғыс білдіремін.

Ұсынылған материалдар оқырмандар мен мамандарды ақыл-ой тәрбиесін одан әрі зерттеу мен дамытуға, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын жаһандық әлемнің сын-қатерлеріне бейімдеудің жаңа жолдарын іздеуге шабыттандырады деп сенеміз.

Жұлдызай Кішкенбаева,
AP19679949 «Мәдени мұраны
синергетикалық парадигмалар
аясында зерттеу» жобасының
ғылыми жетекшісі, PhD

МАЗМҰНЫ

Қ. Оразқұлова, Н. Михайлова, М. Султанова. ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІК	8
...	
Д.Арынова, Т. Оразов. ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕ МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУДАҒЫ МУЗЕЙ-ҚОРЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ	13
А.Султанмурадов. ПОНЯТИЕ КУЛЬТУРЫ И ЕГО ХАРАКТЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ	17
Н. Кумскова. КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ В ЭПОХИ ГЛОБАЛИЗАЦИИ	20
К.Кенжалин, Рабиға Нұрғали. ПРОБЛЕМА СОХРАНЕНИЯ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ ВО ВРЕМЯ ГЛОБАЛИЗАЦИИ	25
Е. М. Арын, Ж.К. Кишкенбаева. СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРИОРИТЕТЫ СОХРАНЕНИЯ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ В КАЗАХСТАН	32
З. Жазыбекова. ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТТЕДІҢ АЛУАНДЫҒЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ	41
З.Төлеубаева. МЕНТАЛДЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒАНДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ	50
С. Харламов. ТУРИСТСКАЯ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ РЕГИОНОВ РОССИИ. АЛТАЙСКИЙ КРАЙ	56
И. Баева. ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ КАК РЕСУРС ПСИХИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ СУБЪЕКТОВ ОБРАЗОВАНИЯ	61

С Шаметов, Б Байболов. ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МУЗЕИДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ЖҰМЫС БАҒЫТТАРЫ	68
Х. Маслов. ЖАҒАНДАНУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ	72
А.Казыбекова. ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА МӘДЕНИЕТТЕРДІ ТАНУ	76
Н..Пак МЕНТАЛЬНЫЙ ПОДХОД К ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ	79
Е.Дьячкова, М. Хватова. ВЛИЯНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ НА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ СТУДЕНТОВ РАЗНЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ	85
Е Саиров. ЕУРАЗИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ЖАҒАНДАНУ	100
Б. Бимурзаева. ҚАЗІРГІ ЖАҒАНДАНУ КЕЗЕҢІНДЕГІ МЕНТАЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ	106
А. Көркем. «ЖАҒАНДАНУ» КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ АСПЕКТІЛЕРІ	109



МЕНТАЛДЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒАНДАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

З.Төлеубаева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Жаһандану – бұл сөз ағылшын тілінен «global» – «дүниежүзілік» деп аударылады, орыс тілінде «глобализация» деп айтылып жүр. Қазақ тілінде: ғаламдану, жаһандасу, ғаламшарлану, әлемилену дегенді де естиміз.

Ал енді ғаламдану – жаһандасу, ғаламшарлану дегеніміздің ұғымдық-мағыналық жағын айтсақ, аты айтып тұрғандай, ғаламдану қандай да болсын үдерістің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің, құбылыстың бір ғана ұлт, халық, мәдениет, өркениет немесе құрылық шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық, жұмыр жерлік, бүкіл әлемдік деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. Жаһандану – үдеріс, орын алып отырған, әлі өз мәресіне жетпеген, аяқталмаған іс.

«Жаһандану» бүкіл жер жүзінде жайылу, таралу деген мағынаны да, әлемдік елдердің біртұтас адамзаттық мәдениет қалыптастыру екіпініне ілесу дегенді де білдіреді. Ғаламдық әділетсіздік мәселелерін шешу үшін әлемдік басқару институттарын кеңейтіп, күшейтіп, демократизациялау қажет.

Демократия келісім арқылы басқару құралдарының жиынтығы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, басқару органдары өзі өміріне ықпал ететін халыққа осы органның қабылдаған шешімдері арқылы ортақ саясат жасауға қаншалықты ерік беретіндігін оның демократиялылығы бойынша анықтауға болады. жаһандық азаматтық қоғам – бірқатар батыстық жаһандану тұжырымдамаларында бүкіл адамзат мәселелерін шешу мақсатында және ортақ құндылықтар негізінде бір типті әлеуметтік-саяси қатынастардағы әлеуметтік қауымдастықтарды біріктіретін аса үлкен саясаттан тыс адамдар қауымдастығын атауда қолданылатын ұғым.

Э. Гидденстің пікірінше, бұқаралық символикалық интеракцияның және ортақ ақпараттық мәдениеттің негізінде ғаламдық қоғамдық жүйе қалыптасады. Бұрындары

үстемдік еткен ұлттық мемлекет келмесе кетіп барады. Билік алдыңғы орынға ықпалды әлеуметтік қозғалыстар мен азаматтық бірлестіктерді шығаратын шағын, аймақтық орталықтар негізінде жүзеге асырылуда.

Кеңістік шектеу және ұлттық-мемлекеттік шеңберден шығу соңғы он жылдықта әлеуметтік ғылымда И.Канттың «бүкіләлемдік азаматтық қалып» жөніндегі идеясының жаңғыртылуымен түсіндіріледі.

Оның жақтастары (И. Валлерстайн, Х. Булл, Дж. Розенау және т.б.) саяси субъектілердің ықпалынан еркін ғаламдық байланыс желісін орнату қажеттігін дәлелдеуге тырысады. Бүгінде, әлемдік қоғамдастық өмірінің барлық жақтарын қамтуға бет алған жаһандану дүниежүзілік саясат пен халықаралық қатынастардың үстем факторына айналып келеді.

Жаһандану қай кезде басталды, оның табиғаты қандай екендігі жайында ғалымдар мен саясатшылардың әрқилы пікірлеріне қарамастан, қазіргі заманғы тарихта бұл процесті ғылыми-техникалық революцияның күрт дамуына орай 1960 жылдардың басымен байланыстырады. «Жаһандану» терминін алғаш рет 1983 жылы «Гарвард бизнес ревью» журналында жарияланған «Нарықтың жаһандануы» деген мақаласында Гарвард бизнес мектебінің профессоры Теодор Левитт ұсынған болатын. Жаһандану нәтижесінде халықаралық қатынастарда, экономика және қауіпсіздік саласында мемлекеттердің өзара тәуелділігі арта түсетіндіктен, халықаралық аренада мемлекеттер басымдығын өзгертуге, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге халықаралық тұрлаулылықтың ықпалы күшеюіне әкеледі.

Қазіргі қалыптасқан әлемдік тәртіптің түп тамырлы негіздерін қозғайтын жаһандану өзінің болмысымен халықаралық қатынастардың жаңа сұрақтары «шектелген егемендік» тұжырымдамасы, гуманитарлы себептермен қол сұғушылық немесе «гуманитарлық интервенция», мемлекеттің қауіпсіздігінен жеке адам қауіпсіздігінің жоғары тұруы тәрізді мәселелерді көтереді.

«Жаһанданудың төмендегідей негізгі құрамдас бөліктері бар:

1. «Менталдық» немесе «мәдени жаһандану – дәстүрлердің, діндердің, мәдениеттер мен идеологиялардың ұқсастануының» кешендік үрдісі. Қазіргі таңда бүкіл әлем, негізінен, 6 жаһандық діни жүйеге (христиандық, ислам, иудаизм, индуизм, буддизм, конфуцийшілдік) бөлінеді.

Адамзаттық мәдени құндылықтар ортақтығының күшеюі үрдісі «менталдық» Жаһанданудың бір көрінісі болып табылады. Соның ішінде америкалық мәдени дәстүр «планетарлық» деп аталынып жүр.

Мәдени жаһандану саласында бүгінгі күннің өзінде біртұтас жалпы адамзаттық мәдениеттің нысандары – жаңа нысандармен (желілік мәдениет, кибермәдениет) ұштасқан ежелгі мәдени дәстүрлердің (классикалық, еуропалық, америкалық, шығыстық, мұсылмандық және үнділік) синтезі көріне бастады.

Бұл жағдай әрбір ұлттық, халықтың өзіне тән ділі мен мәдениетін сақтап қалуы жолында орасан зор күш-жігер жұмсауын талап етеді.

2. Экономикалық жаһандану – екі үрдістің жиынтығын – нарықтардың жаһандануын (капиталдық, еңбек ресурстарының, тауарлардың және қызмет көрсетулердің)

және экономикалық нысандардың жаһандануын білдіреді және экономиканың ұйымдық құрылымдарының – компаниялардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта экономикалық жаһанданудың нақты сипаттары бар:

- а) үлкен компаниялардың жетекші рөлі;
- ә) жаһандық қаржы, валюта және қор рыноктарының қызмет етуі;
- б) жаһандық ақпараттық желілердің қызмет етуінің нәтижесінде көлік ағындары құрылымының өзгеруі;
- в) жаһандық сауда-экономикалық бірлестіктер мен одақтардың құрылуы мен қызмет етуі;
- г) барлық ұлттық және халықар. қаржылық, валюталық трансакциялардың жаһандық желіге аударылуы;
- д) бөлшек саудалық, банктік, сақтандыру және сауда операцияларын жаһандық желіге аударылуы;

Жаһанданудың ерекше үлгілері:

Қазіргі әдебиеттерде жаһанданудың әртүрлі үлгілері талқыланады, бірақ солардың ішінде жаһанданудың неолибералдық және гуманистік-ноосфералық үлгілері ерекше назар аударады. Сыншылардың пікірінше, неолибералдық үлгі, жаһанданудың жемісін өздері көретін трансұлттық корпорациялардың және дамыған елдердің мүдделерін жүзеге асырады.

Нәтижесінде байлар мен кедейлердің арасындағы алшақтық тереңдей бермек. Бүкіләлемдік банк мәліметтері бойынша, 2002 жылы жан басына шаққандағы табысы жоғары және темен елдердің арасындағы айырмашылық едәуір (сәйкесінше Жер шарының 15,6% тұрғындарының табысы жеткілікті және 42% күнкөріс көзі темен). Жаһанданудың неолибералдық үлгісі өркениеттер қақтығысы және экологиялық апат қаупін күшейтеді.

Жаһанданудың гуманистік-ноосфералық үлгісін жақтаушылардың пікірінше, жаһандану артықшылықтарын бүкіл адамзат мүддесі үшін қолдануға бағытталған. Ол үшін ТҰК-ны ғаламдық азаматтық қоғам және оның институттарының бақылауына беру керек, бүкіл әлемдік қауымдастық күшін кедейлікпен күреске, көптеген елдердің технологиялық артта қалушылығын жеңуге жұмылдыруымыз керек.

Жаһандану туралы бір туысымнан сұрағанда ол маған былай деп жауап берді: «Жаһандану (глобализация) – дүние жүзіндегі барлық елдерде экономика, өмір салты (киім, өнер, тамақтану, т.б.), мәдениет пен ақпарат құралдарының ортақ бола бастауы. Мысалы, біз европаша киінеміз, корейдің фунчозасынсыз той өткізбейміз, жапонның сушиын жейміз, батыс әндерін тыңдап, киноларын көреміз, Махаббат күнін тойлаймыз, Фейсбукқа тіркелеміз және сол сияқты. Бұлар барлық елдерге ортақ үрдіс бола бастады»

Өзекті болып тұрған ғаламдану құбылысын біржақты талдау мүмкін емес сияқты. Яғни не біріңғай жағымды, не біріңғай жағымсыз үдеріс, идеология деп кесіп айту қиын. Өйткені, әлемдік тарихта нақты орын алған оқиғалар сарыны глаболизмді біржақты дәріптеп жақтаушылар ғана бар деуден аулақ етеді. Күні кеше ғана көз алдымызда шаңырағы ортасына түскен социализмнің жүйе ретінде күйреуі оның ашық жүргізген глаболистік саясатының жасындылығын паш етпеді.

Демек, жаһандану шым – шытырығы, қалтарысы көп күрделі де жауапты жол таңдау

деп түсіндірілсе керек. Жаһандану – адамзатпен бірге келе жатқан үрдіс. Айтылуы, аталуы жаңаша болып көрінгенімен, оның түп тамыры ежелгі тарих қойнауында жатқандығын байқауға болады.

Кезінде Шыңғыс хан, Атилла (Еділ), Македониялық Ескендір деген тарихи тұлғалар жер-дүниенің бәрін жаулап алып, өз үстемдігін жүргізіп, ортақ тілді, құндылықтарды әлемге таратпақшы болған. Демек, жаһандану тарихта бұрын да көрініс тапқан. Бүгінгі таңда еуропа-американдық немесе батыстық мәдениеттің «мысы» басым болып тұр.

Ал қалған елдер не батыстың құндылықтарын, мәдениетін қабыл алып, батыстың «жүрдек пойызының соңғы тепшегіне жабысады», яғни жаһанданады, не өздерін батыс ықпалынан шығарып алу үшін томаға – тұйықтық, жабықтық стратегия ұстанады. Жаһандану біздің елде де басталып кетті.

Осы тұста бір үлкен мәселе туады, ол – жаһандану заманында біз елдігімізді, мәдениетімізді, тілімізді сақтай аламыз ба? – деген сауал. Батыстың мәдениет ықпалды болып тұрғаны рас. Бірақ осы орайда біз Батыстың нені алуымыз, нені алмауымыз керек. Жалпы мәдениеттің өзі екі жолмен пайда болады. Біріншісі – дүниетанымнан келіп шығатын, екіншісі – ғылыми – техникалық дамудан келіп шығатын мәдениет. Біз батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алудымызға болады.

Тіпті ХХІ ғасырда қазақ жастары озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс.

Мұны меңгерумен біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ал батыстың дүниетанымынан келіп шыққан мәдениет бізге кеек емес. Себебі батыс дүниетанымы өмірдің қызығын бұрмалап, қоғамымызға жезөкшелік, түнгі клубтар, нашақорлық т.б. көріністерді енгізуде. Бұл әсіресе жас буынның санасын улап жатыр.

Біз бұған жол бермеуіміз керек. Егер жастарымыз осындай жеңіл түсінікке ұрынса, онда мемлекетіміздің болашағы не болмақ? Ұлтымыздың болмысында біткен асқар таудай биік, өмірдің бар асылына бергісіз, сан ғасырлық ғажайып, бірегей мәдениеті бар. Тіл – мәдениеттің құрылымдық элементі, мәдениеттің болу шартыәрі ең жоғары құндылығы. Қазір ғаламдық тіл санатына романдық тілдер тобы, нақтырақ айтсақ, ағылшын тілі сақадай сай дайын тұр.

Ендеше, жөргегінде тұңшыққандай күйдегі біздің тіліміз – біздің мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі. Сондықтан тілімізге қамқор болу – мәдени мұрамызды түгендеудің тағы бір жолы. Тіл ұлт болып қалудың соңғы қамалы екені баршаға аян.

Сол қамалды сақтап қалу – әрбір қазақтың қасиетті борышы. Біз қатарлы жастардың негізгі мақсаты – ана тілімізде сөйлеу арқылы оның өміршеңдігіне қол жеткізу. Сол арқылы келешекке біртұтас ұлт, рухы биік халық ретінде жол тарту біздің айқын міндетіміз.

«Бүгінде, әлемдік қоғамдастық өмірінің барлық жақтарын қамтуға бет алған жаһандану дүниежүзілік саясат пен халықаралық қатынастардың үстем факторына айналып келеді.

Жаһандану қай кезде басталды, оның табиғаты қандай екендігі жайында ғалымдар мен саясатшылардың әрқилы пікірлеріне қарамастан, қазіргі заманғы тарихта бұл процесті ғылыми-техникалық революцияның күрт дамуына орай 1960 жылдардың

басымен байланыстырады. «Жаһандану» терминін алғаш рет 1983 жылы «Гарвард бизнес ревью» журналында жарияланған «Нарықтың жаһандануы» деген мақаласында Гарвард бизнес мектебінің профессоры Теодор Левитт ұсынған болатын [1].

Осы ұғым арқылы ол «жаһандық фирмалар» деп аталған кәсіпорындардың жаңа нышандағы іс-әрекеті арқылы дүниежүзіндегі нарықтардың бірігуін атады.

Оның пікірінше, жаһандану және технологиялар халықаралық қатынастарды анықтайтын басты екі факторға айналды. Сол жылы жарияланған «The Marketing Imagination» атты монографиясында Т.Левитт технологияларды «әлемді біркелікке қарай жылжуға итермелейтін қуатты күш», – деп бағалады. Мұның арқасында жаңа коммерциялық шындық дүниеге келіп, барынша бірқалыпқа түскен өнімдер үшін жаһандық нарықтар пайда болады. Олардың көлемі мен ауқымын бұған дейін көзге елестету де мүмкін болмаған.

«Жаһандану» ұғымының одан кейінгі дамуы белгілі жапонзерттеушісі және басқару стратегиясы саласындағы маман, осы сөздіңбарынша кең таралуына себепкер болған Кеничи Омаэніңбектерінен көрініс тапты. Өзінің «Триада билігі» («Triad Power») деген 1985 жылы жарық көрген кітабында, ол «Триада» деп ойшажасалған үшбұрышты, яғни АҚШ, Жапония және Батыс Еуропаныңөздеріне жататын жағрафиялық аймақ бойынша құрылып, 600 млн. тұтынушысы бар, әлемдік технология өнімінің 3/4 астамын тұтынатын нарықты атады. Аталған еңбегінде ол Триада елдерінде қалыптасқан жаңа нышанды қатаң бәсекелестік жағдайында өмір сүру үшін көпұлтты корпорациялар жаһандық көрегендікке ие болып, жаһандық өлшемде әрекет етуі тиіс депкөрсетті [2].

«Жаһандану» термині 1980 жылдардың ортасынан бастап ақпарат пен коммуникация саласындағы жаңа технологиялардың күрт дамуы салдарынан капиталдың жарылыс бейнелі қозғалысы процесін, әрі қаржы, сондай-ақ биржалық нарықтардың интеграциясын бейнелеу үшін қолданыла бастады. Сонымен, 1980 жылдардың соңында «жаһандану» ұғымы экономикалық және қаржы саласына қатысты ғана айтылып келді.

XX ғасырдың соңғы он жылдығында қырғи-қабақ соғыстың аяқталуына байланысты саяси процестер, орасан зор көлемдегі экологиялық қауіп-қатерлер, біртұтас ғаламшардың ортақ сезінуге әкелген экономикалық өзара тәуелділіктің артуы «жаһандану» құбылысына экономикалық қана емес, сондай-ақ саяси, тарихи, жағрафиялық және мәдени сипат бере келе, оның барынша кеңеюіне алып келді.

Әдебиеттер:

1. Джансараева Р.Е., Баймурзин Г.Б. Жаһандану жағдайында Қазақстан дамуының басымдықтары: жаңа көкжиектер. – Семей, 2009 – Б. 123-126.
2. Ахтаева С.М., Қалдыбаев М.М., Алимжанова А.М. Жаһандану кезіндегі мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері. – Алматы, 2013. – Б. 87-91.
3. Алтынбасов Б.О. Н. Жанғалиев Жаһанадану кезіндегі мемлекет пен құқықтың өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2013. – Б. 234-238.
4. Альханов К.Б. Жаһандану жағдайында трансұлттық қылмыстылықпен және жемқорлықпен күресу проблемалары. Алматы, 2009 – Б. 35-39.

5. Амерханов С. Жаһандану жағдайындағы Қазақстан дамуының басымдықтары: жаңа көкжиектер. – Семей, 2009 – Б. 37-39,
6. Хасенова К.Е., Исмаилова А.Е.Актуальные проблемы государство и права в эпоху глобализации. Алматы, 2013. – С. 420-423
7. Андиржинова Г.А. Жаһандану жағдайындағы трансұлттық қылмыстылықпен және жемқорлықпен күресу проблемалары. Алматы, 2009. – Б. 46-50бет
8. Жансараева Р.Е., Баймурзин Г. Жаһандану жағдайында Қазақстан дамуының басымдылықтары: жаңа көкжиектер. Семей, 2009. – Б. 123-126